

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2003 жылғы 4 мамырдағы № 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу № 2266. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 170 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009.12.24 № 170 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қолданысқа енгізу туралы"
" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру және "Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқаруды ұйымдастыру мақсатында

бұйрым:

1. Қоса беріліп отырған Бас бостандығын шектеу түрінде жазаны атқаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар және Астана қаласы бойынша басқармаларының бастықтары қылмыстық-атқару инспекцияларының жеке құрамының осы Нұсқаулықты зерделеуін және орындауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Төрағасы П.Н.Посмаковқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

2-сыныпты мемлекеттік

әділет кеңесшісі

2003 жылғы 4 мамыр

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер Министрі
генерал-полковник

2003 жылғы 25 сәуір

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2003 жылғы 4 мамырдағы
N 81 бұйрығымен
бекітілген

**Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындауды
ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудың тәртібі мен шарттарын реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді.

2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкіміне (қаулысына, ұйғарымына) сәйкес жүргізіледі.

3. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудың қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтауға негізделеді. Инспекциялардың лауазымды адамдары бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау кезінде заңдылықты қамтамасыз етуде жауаптылық көтереді.

4. Инспекциялар бас бостандығын шектеуге сотталғандардың жеке есебін жүргізеді, олармен алдын-алу жұмыстарын жүргізеді, тоқсан сайын сот және аумақтық Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі басқармасының орындауға түсken үкімдері (қаулылары, ұйғарымдары) бойынша тексеруді жүзеге асырады.

5. Жеке есеп құжаттары мыналар болып табылады: сотталғанның жеке ісі, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өткеріп жатқан адамдар есебінің журналы, ұяшықтары бар есеп картотекасы.

Картотеканың мынадай бөлімдері болады:

- 1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдар;
- 2) жазасын өтеуден себепсіз бас тартқан адамдар;
- 3) оларға қатысты бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін жеке істері

с о т қ а ж і б е р і л г е н а д а м д а р ;
4) әкімшілік қамауда отырған адамдар;
5) олардың қайталап қылмыс жасауларына байланысты жолын кесу шарасы
ретінде күзетуде отырған адамдар;
6) оларға қатысты жеке істерін алғаны туралы растама түспеген осы
Инспекция қызмет көрсететін қатысты аумақ шегінен тыс кеткен адамдар;
7) сот ресми іздеу салған адамдар.

6. Сотталғанның жеке ісі 2 бөлімнен тұрады: 1-бөлімде есепке тұрғызу үшін
негіз болатын материалдар тігіледі, 2-бөлімде мінезделетін материалдар болады.
Істің бірінші бөлімінде тексерушінің істі зерделеу жөніндегі белгісі үшін жеке
п а р а қ т і г і л е д і .

Жеке істің сақталуына Инспекциялары қызметкерлерінің жеке басы
ж а у а п т ы л ы қ к ө т е р е д і .

**Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Әділет министрінің 2007.06.29. N
192 бұйрығымен .**

7. Сот үкімінің жазаны орындауының, оның орындалуына қайшы келетін
құжат көшірмелеріндегі түсініксіздерді, қателерді тапқан жағдайда Инспекция
сәйкестендірілген сотқа белгіленген заңнама тәртібінде соттан келген
материалдардан оларды жою туралы ұсыныс енгізеді. Егер мәселені сот шешпесе
, Инспекция прокуратураға үкімді қайта қарау туралы хабар жібереді.

2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқару тәртібі

8. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар жазаны тұрғылықты жері
бойынша оларға Инспекцияларының қадағалауды жүзеге асыруы жағдайында
ө т е й д і .

**Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Әділет министрінің 2007.06.29. N
192 бұйрығымен .**

9. Бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны белгілейтін сот үкімі (
қаулысы) Инспекцияға түскен күннен бастап орындауы атқарылады.

10. Бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны атқару үшін негізденменің
барлығын растайтын құжат: соттың заңды күшіне енгені туралы анықтамасы бар
үкімінің көшірмесі немесе бас бостандығынан айыру жазасын бас
бостандығынан шектеу түріндегі жазамен ауыстыру соттың қаулысы болып
табылады. Басқа жағдайларда сот үкімінің көшірмесіне кассациялық немесе
қадағалау инстанциясы қаулысының көшірмесі салынады.

11. Соттан түсken үкім (бекітулер, қаулылар) көшірмесі сол күні кіріс құжаттарының журналына тіркеледі. Осы тәртіpte басқа Инспекциядан, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен түсken материалдар тіркеледі.

12. Материалдар сотталғандарды есепке алу журналында тіркеледі (1-қосымша) және бір мезгілде сотталғанға жеке іс (2-қосымша), тіркеу парағы ("Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауды орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 151 бүйрығына 32-қосымша мемлекеттік тіркеу N 1715, бұдан әрі - Бүйрық), күзет картотекасы ашылады (Бүйрыққа 6-қосымша), алфавиттік есеп картотекасы (Ф-1) ашылады, олар аумақтық Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі басқармасына жіберіледі және деректер есеп картотекасына енгізіледі.

Сотталғанның жеке ісінде: үкімнің көшірмесі (тиісті жағдайларда - қаулының, ұйғарымның көшірмелері), сотқа, жергілікті әскери басқару органына, хабарлама, қолхат, участекілік полиция инспекторына хабарламаның көшірмесі, күзет картотекасының көшірмесі, мерзімдік-бақылау картотекасы (Бүйрыққа 7-қосымша), анықтама - пікірлесу, ескерту, жаза салу немесе марапаттау іс шаралары жөніндегі материалдар, ұйымның жұмысқа қабылдау туралы бүйрығының көшірмесі, саулнама және жазаны өтеп жатқан адамға қатысты барлық материалдар сакталады. Жеке істегі материалдар тігіліп, нөмірленіп және тізімдемеге енгізілуі тиіс.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әдіlet министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

13. Күзет карточкасы есепке қойылған күні аумақтық әдіlet органдарының құжаттандыру және тіркеу бөлімшелеріне беріледі.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әдіlet министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

14. Түзеу мекемесі сотталғанды есепке қойған күні үкімді (ұйғарымды, қаулыны) жіберген сотқа орындауға сот шешімін қабылдау туралы (Бүйрыққа 9-қосымша) хабарлама жібереді.

15. Тиісті жергілікті әскери басқару органына әскери қызметке шақырылатын адамдардың есепке алынуы туралы (Бүйрыққа 10-қосымша) хабарлама жіберіледі .

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әдіlet министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

16. Сотталғанды есепке қойғанда Инспекция алдын-алу іс шараларын жүргізу және түрғын жері бойынша сотталғанның (кәмелеттік жасқа толмағандар) тәртібіне бақылау жасау үшін ішкі істер қала, аудан органының бастығына (

Бұйрыққа 8,17-қосымшалар) хабарлама жібереді.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

1 7 . а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту: 17-тармақ алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

18. Кәмелетке толмағандарды есепке алғанда инспектор ата-аналардың немесе заңды өкімнің қатысуымен сотталғандармен оларға жүктелген міндеттерді, оның орындалмауының аяғы, қоғамдық тәртіптерді бұзу немесе жаңа қылмыс жасау болатынын түсіндіріп, алғашқы әңгімелесуді жүргізуге міндетті, ол туралы қолхат алынады, сотталғандарға әсер етуі мүмкін адамдар және жақын-тыуыстар туралы мәлімет алынады, сондай-ақ оның тәртібіне бақылауды жүзеге асыруға үлкен мән беретін басқа да мәселелер анықталады. Әңгімелесу нәтижелері туралы сотталғанның жеке ісіне де қолхатпен бірге тігілетін анықтама жасалады.

19. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған сотталғандар қамаудан босатылады және жазаны өтеу орнына мемлекет есебінен өзі барады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі босатылуға дейінгі бір ай бұрынғы Инспекцияларына сотталғандарды жібергендерді туралы хабарлама жібереді және сотталғанға жазаны орындау орнына көрсетілген маршрутпен және есепке алу үшін Инспекцияларына жету уақыты туралы қолхат береді .

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

20. Түзеу мекемесінің әкімшілігі жазаны өтеу орны бойынша инспекцияға сотталғанның жеке ісін, жазаны ауыстыру туралы сот қаулысын, жету мерзімі көрсетілген қолхат жібереді. Сотталғанның инспекцияға келу күні, егер 12-00-ге дейін келген болса, келуі күніне, 12-00-ден кейін келген жағдайда келу күні келесі күні болады .

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 343 бұйрығымен .

21. Сотталған белгіленген мерзімде жазаны өтеу орнына келмеген кезде Инспекция іздестіру бойынша алғашқы іс-шаралар жүргізеді және егер 15 күн ішінде сотталғанның тұратын жері анықталмаса, іздеуді жүзеге асыру үшін ішкі істер органдарына материалдардың бірінші данасын жібереді. Материалдардың көшірмесі сотталғанның жеке ісіне салынады.

22. Сотталғанды ұстаганнан кейін бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы материалдар оны ұстай орны бойынша сотқа беріледі.

23. Сот қосымша міндеттер жүктеген сottалғандарға қатысты хабар тиісті үйымдар мен мекемелерге жіберіледі.

24. Есепке қойылғаннан кейін сottалған әңгіме-сұхбат өткізу үшін Инспекцияға шақыртылады, оның барысында оның сауалнамалық деректері анықталады, оның міндеттері, орындамау салдарлары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны немесе жаңа қылмыс жасағаны үшін жауаптылығы және құқықтары түсіндіріледі, ол туралы қолхат алынады (Бұйрыққа 11-қосымша), жақын-туыстары мен сottалғанға ықпал етуі мүмкін адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер анықталады. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол қолхатпен бірге сottалғанның жеке ісіне салынады.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

25. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі Инспекциясы үкімді орындауға қабылдаған сәттен бастап есептеледі.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

26. Жазаның мерзіміне сottалғанның өз бетінше жұмыста немесе тұрғын жері бойынша бір күннен жоғары болмаған уақыты есептелмейді. Уақытты есептемеу инспекция бастығының, аға инспектордың немесе аумақтық Инспекциясы инспекторының қаулысымен ресімделеді, олар сottалғанның түсіндірмесімен және басқа да материалдармен бірге сottалғанның жеке ісіне салынады.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

27. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде оның тәртібін қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сот бұрын сottалғанға бас бас бостандығын шектеуге бекітілген міндеттердің толық немесе жартылай қүшін жоюы мүмкін.

28. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындалап жатқан сottалғандар қадағалауда б о л а д ы және :

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген жаза өтеу тәртібі мен шарттарынан туындаитын Инспекция талаптарын орындауға .

Инспекцияның рұқсатынсыз жұмыс, оқу және тұрғын орындарын ауыстырмауда ;

оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінде болуға;

Инспекция бекіткен мерзімде тәрбие іс-шараларын жүргізуге қатысу және тіркелу үшін Инспекциясына келуге;

жиырма төрт сағат ішінде жұмыс немесе оқу кестесінің өзгергендігі туралы

Инспекцияны хабардар етуғе;
өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуға міндettі.
Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

29. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жатқан сottалғандарға жазаны өтеу орны бойынша облыстан тыс орналасқан жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқуға рұқсат беріледі. Сottалған Инспекция келісімімен басқа жерде орналасқан жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқи алады.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

30. Сottалғанның бас бостандығын шектеудегі енбегі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

31. Сottалғанды басқа жұмысқа, соның ішінде басқа жерге ауыстыру Инспекциямен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

32. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаپ жатқан адамдармен тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

33. Сottалғанның өткізілетін тәрбие түріндегі іс-шараларына белсене қатысуы марапатталады және түзеу санатын анықтауда есепке алынады.

34. Инспекция белгілеген жазаны өтеу тәртібін адал орындағаны үшін сottалғанға мынадай марапаттау шаралары қолданылуы мүмкін:

алғыс жариялау ;
бұрын салынған жазасын мерзімнен бұрын алу ;
жексенбі және мереке күндерін тұрғылықты жерінен тысқары өткізуге рұқсат б е р у ;

демалысын тұрғылықты жерінен тысқары өткізуге рұқсат беру ;
Бұрын салынған жазаны уақытынан бұрын алып тастауға жазаны салған күннен бастап кемінде алты ай жол берілмейді.

Ескерту: 34-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 343 бүйрығымен , 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

35. Сottалғандарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде (бұдан әрі-Кодекс) белгіленген тәртіппен Инспекция, жазаны өтеуден мерзімнен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға ұсынуға қолдауҳат ұсынуға немесе бас тартуға бір ай мерзімінде мәселені қарауға міндettі, ол кейіннен сотқа енгізу үшін прокурора жіберіледі .

Жазасын өтеу мерзімінің заңмен белгіленген бір бөлігін өтеген сottalған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі туралы жәбірленушіні не оның өкілін үкім шығарған сот берген мекен-жай бойынша пошта арқылы Инспекция тапсырыс хатпен хабардар етеді.

Ескерту: 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

36. Жазасын өтеу тәртібін бұзған сottalғандарға Инспекция мынадай жазалау шараларын қолдана алады:

сөргіс;

жексенбі және мереке күндері тұрғылықты жерінен тысқары шығуға бір айлық мерзімге дейін тыйым салу;

бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыру мүмкіндігі туралы ескерту (Бұйрыққа 2-қосымша).

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

37. Жазаны өтеуден қасақана бас тартатын адамдарға қатысты Инспекция сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығын айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін (Бұйрыққа 1-қосымша) материалдарды ұсынады.

Ескерту: 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

38. Сottalғандарға марапаттау және жазалау шаралары жазбаша түрде (6 және 7 қосымша) салынады, марапаттау және жазалау есепке алу журналына (4-қосымша) тіркеледі. Сottalғанның бұзушылығы немесе марапатталуы туралы материалдар жеке ісіне тігіледі.

Ескерту: 38-тармаққа толықтыру, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 343 бұйрығымен .

39. Жазалау шарасын қолданған кезде құқық бұзушылықты жасау жағдайы, сottalғанның жеке тұлғасы және оның қылмысқа дейінгі тәртібі ескеріледі. Салынып отырған жаза сottalғанның жасаған қылмысының сипаты мен ауырлығына сәйкес болуы керек. Жаза қылмысты анықтаған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер қылмысқа байланысты тексеріс жүргізілсе - оның аяқталған күннен бастап, қылмысты жасаған күннен бір айдан кешіктірілмей салынады. Жазалау жиырма төрт сағаттың ішінде, ал ерекше жағдайларда салынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей орындауға келтіріледі. Инспектор жаза салынғанға дейін бұзушыдан түсініктемесін, құқық бұзушылық жасаудың мән-жайлары мен себептерін көрсетіп, алуға міндетті.

40. Марапаттау және жазалаудың қарастырылған шараларын қолдану құқығын толық көлемде Инспекция бастығы немесе оның орынбасары қолданады .

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

41. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана бас тарту: демалыс және мереке құндерінде демалуды өткізу орнынан немесе демалыстан уақытынсыз, себепсіз келген, сондай-ақ жұмыс немесе түрғын орнын өз еркімен қалдыру, Инспекция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

42. Кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда түрғылықты жеріне, жұмыс немесе оқу орнына келудің белгіленген кестесін бұзу, өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, сондай-ақ сол үшін әкімшілік жаза қолданылған сотталған адамның қоғамдық тәртіпті бұзуы жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын
б ұ з ү ш ы л ы қ б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту: 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

43. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтейтіндерге қадағалауды Инспекция жүзеге асырады және олардың түрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша, жұмыстан бос уақытында сотталғандарға қадағалау мен бақылау
қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Ескерту: 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

44. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтейтіндерге қадағалау: әкімшілік ықпал етудің шараларын қолдануды немесе қылмыстық жауаптылықта әкеп соқкан, егер оған Инспекцияны сотталғандар жіберген бұзушылықтар туралы ақпарат қызметі тарарапынан хабардар ететін автоматтандырылған тәртіп бекітілмесе, қоғамдық тәртіп бұзушылығын анықтау және жаңа қылмыстарды жасау жағдайына ішкі істер қалаудан органдарының қолда бар есепке алулары бойынша сотталғандарды ай сайын тексеріспен;

сотталғандармен, олардың туысқандарымен, сотталғандарға әсер етуі мүмкін адамдармен тәрбие және алдын-алу әңгімелерін жүргізу үшін Инспекцияға
ш а қ ы р т ы л ү м е н ;

сотталғандардың мінез-құлқына қатысты және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен алдын-алу іс-шараларын жүргізуге қатысты ақпаратпен құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен
а л м а с ү м е н .

Ескерту: 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бүйрығымен .

45. Жазасын өтеуден қасақана жалтаратын сотталғанды ішкі істер органы прокурордың санкциясымен он тәуліктік мерзімге дейін жалтару себебін табу үшін ұстай алады. Ішкі істер органы қажет болған жағдайда бас бостандығынан айырылған сотталған адамдар үшін белгіленген тәртіппен ұсталғанды жазасын өтеу орнына жібереді және жазаны өтеуден қасақана жалтаруы туралы деректер болған кезде материалдарды сотталғаның ұсталу орны бойынша сотталғаның бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстыру туралы мәселені шешу үшін сотқа береді.

46. Сотталғанға бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру жазамен ауыстыру мәселесін шешу кезінде оны ішкі істер органы прокурордың санкциясымен он тәулік мерзімге дейін жазасын өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында ұстай алады.

47. Сотталғандарды іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды Инспекциялар Бұйрықпен бекітілген Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауды орындау жөніндегі нұсқаулықтың 8-бөлімінің 171-тармағымен белгіленген тәртіппен жүргізеді, ол табыссыз болған кезде осы Нұсқаулықтың 175-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Ескерту: 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

48. Бас бостандығын шектеудің күшін жою туралы ұсынымда сотталғаның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, қоғамдық тәртіпті бұзу, сол уақыт ішінде Инспекцияға келмеген уақыты, оған қандай әсер ету шаралары қабылданғаны, оның оған әсері, сондай-ақ еріксіз әкелуінің болуы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Инспекция қызметкерінің сотталғаның мінез-құлқы туралы рапорты, оның өмір салты, сотталғаның түсініктемесі және басқа құжаттар көрсетіледі.

Ескерту: 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

3. Жазасын өтеудің тоқтату және сотталғанды есептен шығару тәртібі

49. Сотталғандар мынадай негізdemeler бойынша Инспекциялар есебінен шығарылады :

сот үкімі бойынша тағайындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жаза
мерзімін өтедүі ;

актау үкімі шығарылып немесе сот ісін жүргізу тоқтатылып сот үкімі күшінің жоыйылуы ;

бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеуден шартты-мерзімінен
бұрын босатылуы;
қайырымдылық немесе рақымшылдық;
жаңа қылмыс жасағаны үшін соттау;
инспекция қызмет көрсететін аумақтан кету кезінде тұрғылықты жерін
аудастыруға байланысты;
ауыр науқастану немесе мүгедектік;
бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығын айырумен
аудастыру;
занмен көзделген өзге де негіздемелер.

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

50. Сотталғанды Инспекциялар есебінен шығару үшін негіздеменің болуын
растайтын құжаттамалар:

науқасы ауыр немесе мүгедек болған кезде - сот қаулысының көшірмесі;
бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айырумен
аудыстырған кезде, іс жүргізуді қысқартып үкімнің күшін жою - тиісті сот
органдары үйгарамдарының, қаулыларының көшірмелері;
рақымшылық немесе қайырымдылық туралы актілерге сәйкес оларды
орындау жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;
жаңа қылмыс жасағаны үшін сотталғанға қатысты оның занды күшіне
енгендігі туралы өкімімен сот үкімнің көшірмесі;

АХАЖ органынан сотталғанның қайтыс болуы туралы анықтама;
жеке істі алғандығы және сотталғанның жаңа тұрғын жері бойынша
Инспекцияға есепке тұрғызғандығы туралы хабар болып табылады.

**Ескерту: 50-тармаққа толықтыру енгізілді - КР Әділет министрінің 2004
жылғы 26 қарашадағы N 343 бұйрығымен , 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .**

51. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеу заңнамаға сәйкес жаза
мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жазасын өтеудің соңғы
куниде тоқтатады.

Жазасын өтеген адамдарға белгіленген үлгідегі анықтама беріледі (5-
қосымша).

52. Сотталғанды жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату Инспекцияға
тиісті құжаттар түскең күні жүргізіледі.

53. Міндетті әскери қызметке шақыруға жататын адамды есептен шығарған
күні тиісті жергілікті әскери басқару органына хабар жіберіледі (Бұйрыққа 35-
қосымша) .

**Ескерту: 53-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Әділет министрінің 2007.06.29. N
192 бұйрығымен .**

54. Сотталғанды есептен шығарған күні құжаттандыру және тіркеу бөлімшесіне (Бұйрыққа 36-қосымша) хабар жіберіледі.

Ескерту: 54-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Әділет министрінің 2007.06.29. N 192 бұйрығымен .

55. Бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыруға байланысты сотталғанды есептен шығару сот шешімдерінің негізінде оны алған күні жүргізіледі.

56. Сотталғанды есептен шығару күні мен негіздемесі туралы сотталғанды есепке алу журналында, жеке ісінде белгі жасалады. Есептен шығарған күні белгіленген нысандағы хабарлама аумақтық Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі басқармасына жолданады ("Қылмыс жасаған адамдардың жеке фамилиялық және дактилоскопиялық есебін, іздеу есебін жүргізу мен пайдалану туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1998 жылғы 27 қантардағы N 95/ЦА бұйрығы) жіберіледі. Есептен шығарылған сотталғандардың жеке істерін Инспекция қызметкерлері архивке шығарады.

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі**

(аумақтық органның атауы)

**Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын
өтеп жатқан адамдарды есепке алу**

Журналы

Басталды "—" 200_ ж.

Аяқталды "—" 200_ ж.

Сақталу мерзімі _____

1-қосымшаның келесі беті

N !Тегі !Қай !Үкімнің!ТМ Боса.!Инспек.!Сот үкі.!Соттал.!Ес.
р/с!Аты !соттпен !инспек.!тылған !цияға !мімен !ғанды !керту
!әкесі.!соталды,!цияға !күні !келген !Жүктел. !есепten!
!нің !КР ҚК !түскен ! !күні !ген мін.!шығару !
!аты. !қай бабы!мерзімі! ! !деттері !күні !
!Тұрғын!бойынша ! ! ! ! ! ! !мен не.!
!жері ! ! ! ! ! ! !гізде. !
! ! ! ! ! ! ! месі !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

(аумақтық органның атауы)

Бостандығын шектеу түріндегі жазасын
өтеп жатқан адамның

N _____ Жеке ісі

(тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы ҚҚ _____ бабы бойынша 200_ ж. "___"
жылдарға сотталған

Есепке қойылған "___" 200_ ж.

Есептен шығарылған "___" 200_ ж.

Істегі парақтардың саны _____

(жазылуымен)

3-қосымша

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға
сотталғаның өтеу мерзімін енгізбеу туралы қаулы

Мен,

(аумақтық қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы,
ага инспекторы, инспектор)

өз бетімен сотталғаның болмауынсыз материалды қарап сотталған

(Т.А.Ә. ҚР ҚҚ бабы, жаза өтеуінің басталуы, аяқталуы)

А н ы қ т а д ы м :

(сотталғаның жұмыста немесе мекен-жайы бойынша өз-бетімен
болмауының себептері көрсетіледі)

қаулы еттім:

ҚР ҚҚ 45 бабына сәйкес, уақытша өз-бетімен болмауы жазасын
өтеу мерзіміне саналмасын

(жұмыста немесе мекен-жайы бойынша

т ә у л і к с а н ы)

бас бостандығынан айыру жазасына сотталған _____

(Т. А. Ә.)

Жазасын өтеу мерзімінің аяқталуы саналсын _____

Қаулы жарияланды _____

(сотталғанның қолы, танысу датасы)

Алматы облысы бойынша
ҚАЗАК НАРДАСЫ КОМИТЕТИ БАСҚАРМАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ
ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ БАСТАҒЫ
(аға инспектор, инспектор) әділет капитаны
4-қосымша

Ескерту: Қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы
26 қарашадағы N 343 бұйрығымен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы)

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау
жөніндегі мараматтау және жазалауды есепке алу
журналы

Басталды "___" ____ 200__ ж.

Аяқталды "___" ____ 200__ ж.

Сақталу мерзімі _____

4-қосымшаның келесі беті

Н !Жаза салу! Солтталғаның! Сотталғаның! Жаза салу! Жазалау! Инспек.
р/с! және ма. !аты, әкесінің! жеке ісінің !және ма. !және !ция

!рапаттау.!аты, тегі !нөмірі !рапаттау.!мара. !бастығы.

!ды жария.! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

!лау мер. ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

!зімі ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

5-қосымша

Мөртаңба орны

Анықтама

Азамат _____ берілді

(Тегі, аты, әкесінің аты)

сottалған "_____" 200 _____
(соттың атауы)

Қазақстан Республикасы ҚҚ _____ бабы бойынша бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны, сондай-ақ ол инспекцияның есебінен шығаруға байланысты "_____" 200 ____ ж.

_____ (есептен шығару негізін көрсету керек)

Қылмыстық-атқару инспекциясының
бастығы (аға инспектор, инспектор)

"_____" 200 ____ ж.

Мөр орны

----- (инспекцияның атауы)

----- (тегі және аты)

----- (коло)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2003 жылғы 4 мамырдағы
N 81 бұйрығымен бекітілген
Бас бостандығын шектеу
түріндегі жазаны орындауды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа

6-қосымша

Ескерту: 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы
26 қарашадағы N 343 бұйрығымен .

Сотталғандарды марапаттау туралы

ҚАУЛЫ

Сотталған _____
(аты-жөні, тұған жылы)

_____ (марапаттауға негіздеме көрсетіледі)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 49-бабын
басшылыққа алып

Қ А У Л Ы Е Т Т И

Сотталған

(а т ы - ж ө н і)

(марапаттау түрі көрсетіледі)

Орда облысы бойынша ҚАЖ комитетінің Орда Қылмыстық-атқару
инспекциясы басқармасының бастығы (аға маман-инспектор,
м а м а н - и н с п е к т о р)

әділет капитаны

Ә.Қ.Ордабаев

(атағы) (қолы) (аты-жөні)

20___ ж "___"

Қ а у л ы м а ф а н ж а р и я л а н д ы

(күні және сотталғаның қолы)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2003 жылғы 4 мамырдағы
N 81 бұйрығымен бекітілген
Бас бостандығын шектеу
түріндегі жазаны орындауды
үйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа

7-қосымша

Ескерту: 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы
26 қарашадағы N 343 бұйрығымен .

Сотталғанға тәртіптік жаза қолдану туралы
қаулы

Сотталған

(а т ы - ж ө н і , т у ғ а н ж ы л ы)

(бұзушылықтың мән-жайы жазылады)

көрінген жазаны өтеу
режимін бұзуға жол берген

Сотталған _____ жазбаша түсініктемесін және басқа да
тексеріс материалдарын қарай келе, Қазақстан Республикасы
Қылмыстық-атқару кодексінің 50-бабын басшылықта алып
ҚАУЛЫ ЕТТИ

Сотталған _____
(аты-жөні)
жазаны өтеу режимін бұзғаны үшін _____
(тәртіптік жазаның түрі көрсетіледі)

Орда облысы бойынша ҚАЗЖ комитетінің Орда Қылмыстық-атқару
инспекциясы басқармасының бастығы (аға маман-инспектор,
ма м а н - и н с п е к т о р)
әділет капитаны
_____ **Ә.Қ.Ордабаев**

(атағы) (қолы) (аты-жөні)
20____ ж "____" ____
 К а у л ы м ағ а н ж а р и я л а н д ы

(куні және сотталғаннның қолы)